**2005 жылғы 29 қыркүйек - 1 қазанда Астана қаласында Экономикалық ынтымақтастық ұйымына мүше елдердің аға лауазымды тұлғаларының мәжілісін және Министрлері кеңесінің 15-отырысын дайындау және өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 28 қыркүйектегі N 274-ө Өкімі

2005 жылғы 29 қыркүйек - 1 қазанда Астана қаласында Экономикалық ынтымақтастық ұйымына (бұдан әрі - ЭЫҰ) мүше елдердің аға лауазымды тұлғаларының мәжілісін және Министрлері кеңесінің 15-отырысын тиімді дайындауды және өткізуді қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған 2005 жылғы 29 қыркүйек - 1 қазанда Астана қаласында ЭЫҰ-ға мүше елдердің аға лауазымды тұлғаларының мәжілісін және Министрлері кеңесінің 15-отырысын дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі ЭЫҰ-ға мүше елдердің ресми делегациялары мүшелерінің және ЭЫҰ Хатшылығы қызметкерлерінің қонақ үйде тұруына 2005 жылға арналған республикалық бюджетте 006 "Өкілдік шығындар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен 10167405,3 теңге (он миллион бір жүз алпыс жеті мың төрт жүз бес теңге отыз тиын) сомасында қаражат бөлсін.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

*Премьер-Министр*

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2005 жылғы 28 қыркүйектегі
N 274-ө өкімімен
бекітілген

**2005 жылғы 29 қыркүйек - 1 қазанда Астана қаласында ЭЫҰ-ға мүше елдердің аға лауазымды тұлғаларының мәжілісін және Министрлері кеңесінің 15-отырысын дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары**

| Р/с N | Іс-шаралар | Орындау мерзімі | Іс-шаралар үшін жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1. | Астана және Алматы қалалары әуежайларының VIP залы арқылы ресми делегацияларды, бірге жүретін адамдарды, ЭЫҰ Хатшылығының | | Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша), Сыртқы істер министрлігі, Астана |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | қызметкерлерін және халықаралық ұйымдардың шақырылған өкілдерін қарсы алуды және шығарып салуды ұйымдастыру | 2005 жылғы 27 қыркүйек - 2 қазан | қаласының әкімдігі, Алматы қаласының әкімдігі |
| 2. | Қазақстан Республикасы аумағының үстінен ұшып өтуге рұқсат беру | 2005 жылғы 28 қыркүйек - 2 қазан | Қорғаныс министрлігі, Көлік және коммуникация министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) |
| 3. | Арнайы ұшақтардың тұрағын, оларға қызмет көрсетуді және жанармай құюды қамтамасыз ету | 2005 жылғы 28 қыркүйек - 2 қазан | Көлік және коммуникация министрлігі |
| 4. | Астана қаласының әуежайын, делегациялар орналасатын және отырыстар өткізілетін орындарды мүше елдердің мемлекеттік туларымен және ЭЫҰ туымен, ағылшын, қазақ және орыс тілдеріндегі құттықтау транспаранттарымен безендіру | 2005 жылғы 28 қыркүйек - 2 қазан | Астана қаласының әкімдігі |
| 5. | Құқық қорғау органдарының өкілдерін қатыстыра отырып, штаб құру (күзет, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, бірге жүру) | 2005 жылғы 28 қыркүйек - 2 қазан | Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша), Ішкі істер министрлігі |
| 6. | Делегация күзетіне арналған арнайы рұқсаттамаларды жасау (автокөлік, бэйдждер) | 2005 жылғы 28 қыркүйек | Сыртқы істер министрлігі |
| 7. | Делегациялар орналасатын орында күзетті қамтамасыз ету қызметі үшін штабтық үй-жайларды жабдықтау | 2005 жылғы 30 қыркүйек - 2 қазан | Сыртқы істер министрлігі |
| 8. | Делегацияларға, ЭЫҰ Хатшылығының қызметкерлеріне және халықаралық ұйымдардың шақырылған басшыларына көліктік қызмет көрсету | 2005 жылғы 27 қыркүйек - 2 қазан | Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша), Астана қаласының әкімдігі, Сыртқы істер министрлігі |
| 9. | Делегацияларды және ЭЫҰ Хатшылығының қызметкерлерін "Риксос Президент отель Астана" қонақ үйіне орналастыруды ұйымдастыру | 2005 жылғы 27 қыркүйек - 1 қазан | Сыртқы істер министрлігі |
| 10. | Ресми делегация мүшелерін және ЭЫҰ Хатшылығының қызметкерлерін тамақтандыруды ұйымдастыру | 2005 жылғы 27 қыркүйек - 2 қазан | Сыртқы істер министрлігі |
| 11. | Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ғимаратында ЭЫҰ Хатшылығының қызметкерлеріне арналған екі штабтық бөлмені, баспасөз орталығына және делегациялар өкілдеріне арналған бөлмені қамтамасыз ету ( ұйымдастыру техникасымен, ксерокспен, телефон және факсимильді халықаралық байланыспен, Интернетпен, кеңсе тауарларымен, қағазбен жарақтандыру) | 2005 жылғы 27 қыркүйек | Сыртқы істер министрлігі |
| 12. | Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ғимаратында отырыстар өткізу үшін ретімен отырғызу және залды техникалық безендіру (мемлекеттік тулар және ЭЫҰ туы, үстел үстіне қойылатын табличкалар, мүше елдердің және ЭЫҰ жалаушалары, гүлдер, микрофондар, наушниктер, ілеспе аудармашыларға арналған кабиналар) | 2005 жылғы 27 қыркүйек | Сыртқы істер министрлігі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 13. | Ілеспе аударманы қамтамасыз ету | 2005 жылғы 29 қыркүйек - 1 қазан | Сыртқы істер министрлігі |
| 14. | Бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау (анонс, аккредиттеу, баспасөз орталығын ұйымдастыру және жабдықтау) | 2005 жылғы 28 қыркүйек - 2 қазан | Сыртқы істер министрлігі |
| 15. | ЭЫҰ-ға мүше елдердің Министрлері кеңесінің 15-отырысының қорытындылары бойынша баспасөз конференциясын өткізу | 2005 жылғы 1 қазан | Сыртқы істер министрлігі |
| 16. | ЭЫҰ-ға мүше елдердің Министрлері кеңесінің 15-отырысына келген делегация басшыларын бірге суретке түсіру | 2005 жылғы 1 қазан | Сыртқы істер министрлігі |
| 17. | Екі жақты кездесулер өткізілетін орындарды анықтау және дайындау (үстел үстіне қойылатын табличкалар, жалаушалар, кеңсе тауарлары) | 2005 жылғы 28 қыркүйек - 2 қазан | Сыртқы істер министрлігі |
| 18. | ЭЫҰ-ға мүше елдердің делегациялары, ЭЫҰ Хатшылығының қызметкерлері және халықаралық ұйымдардың шақырылған өкілдері үшін мәдени бағдарлама дайындау және өткізу ("Бәйтерек" кешеніне, "Думан" сауық орталығына, Президенттік мәдениет орталығына және т.б. бару) | 2005 жылғы 30 қыркүйек - 1 қазан | Сыртқы істер министрлігі, Астана қаласының әкімдігі |
| 19. | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі атынан ЭЫҰ-ға мүше елдердің Министрлері кеңесінің 15-отырысына қатысушылардың құрметіне ресми қабылдауды ұйымдастыру (қабылдауды өткізу орнын анықтау және безендіру, күзет іс-шаралары, ас мәзірін, концерттік бағдарлама дайындау) | 2005 жылғы 1 қазан | Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша), Республикалық ұлан (келісім бойынша), Ішкі істер министрлігі |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК